



Тәуелсіздіктің темірқазығы

**Құрметті әріптестер,
білім алушы жастар!**

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата Заңымыз – Тәуелсіз еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық, рухани дамуының басты тірегі.

Конституция – еліміздің бірлігі мен тұрақтылығын, әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған басты құқықтық құжат.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Азаматтардың негізгі заңымызды құрметтеп, оның талаптарын бұлжытпай орындауы – нағыз отаншылдықтың және жоғары жауапкершіліктің айқын көрінісі. Біз Конституцияда бекітілген қастерлі құндылықтарға сүйене отырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды бірге құратынымызға көміл сенемін», – деп атап өткен болатын.

Бүгінде еліміз Конституция негізінде ауқымды реформаларды іске асыруда. Бұл бағыттағы табысты қарамдардың бірі – әділетті қоғам қалыптастыру, заң үс-

темдігін орнату және құқықтық мәдениетті нығайту болып отыр. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға деген жауапкершілікті күшейту – өркениетті ел болудың алғышарты. Еліміздің ертеңі – білімді де тәрбиелі жастардың қолында.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздің жетекші оқу орны ретінде құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, жастарға сапалы білім мен тәрбие беруге, азаматтық жауапкершілігі жоғары тұлға тәрбиелеуге айрықша мән беріп келеді.

Конституция қағидаттарын күнделікті өмірде ұстану – біздің бұлжымас қағидамызға айналуы тиіс.

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құтбереке, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Тәуелсіздігіміздің темірқазығы – Конституция күні құтты болсын!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Қырғыз Республикасының Ғылым, жоғары білім және инновациялар министрі Бактияр Орозов Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Бішкек қаласындағы филиалына барды.



Министрлер ҚазҰУ филиалымен ТАНЫСТЫ

Кездесуге ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Марғұлан Ибрайымов, Қырғыз Республикасының Ғылым, жоғары білім және инновациялар министрінің орынбасары Нұрлан Омуров, сондай-ақ ҚазҰУ филиалының директоры Жамин Шейшенов қатысты.

Министрлер университет филиалының оқу және ғылыми қызметімен танысып, оқу аудиторияларын аралады. ҚазҰУ-дың Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Марғұлан Ибрайымов пен филиал директоры Жамин Шейшенов оқу орнының құрылуы, қазіргі қызметі мен даму перспективалары жөнінде таныстырды.

ҚазҰУ-дың Бішкек қаласындағы филиалы 2022 жылғы 26 мамырда ашылды. Оның

ресми ашылу рәсімі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров қатысуымен өткен болатын. Кездесу барысында министрлер тарапынан нақты ұсыныстар айтылып, болашақта жүзеге асырылуы мүмкін бастамалар қозғалды. Министр Саясат Нұрбек өз сөзінде аталмыш филиалдың Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің нақты нәтижесі екенін атап өтті. «Екі елдің жастарын сапалы біліммен қамтамасыз етіп, ғылыми әлеуетін арттыру жолындағы

ортақ күш-жігеріміз болашақта үлкен жетістіктерге жеткізеді», – деді министр.

Бүгінгі таңда филиалда 12 бакалавриат бағдарламасы және бейіндік магистратура бойынша білім беріледі. Ең көп сұранысқа ие мамандықтар қатарында – «Құқықтану», «Менеджмент», «Компьютерлік инженерия» және «Шетел филологиясы» бар.

Филиалда 750-ге жуық студент оқиды, ал 2025-2026 оқу жылына 630-дан астам талапкер қабылданды. Дәрістер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Халықаралық қатынастарды зерделейтін монография

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты сарапшылары дайындаған «Президент Тоқаевтың дипломатиясы» атты монографияның таныстырылымы өтті. Алқалы жиынға жетекші сарапшылар, белгілі қоғам қайраткерлері, министрлік өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары мен ғылыми қызметкерлер қатысты.

Кездесуді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ашты. Ректор университет қабырғасында мұндай маңызды ғылыми ісшараның өтуі жастардың дипломатиялық мәдениетін

қалыптастыруға ықпал ететінін ерекше атап өтті.

Университет басшысы өз сөзінде монографияның ғылыми ғана емес, саяси, практикалық маңызына да тоқталып: «Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың

дипломатиялық қағидаттарына негізделген «рационалды көпвекторлылық» тұжырымдамасы қазіргі заманғы халықаралық қатынастарды зерттеуде теориялық та, тәжірибелік те маңызға ие үлгі ретінде баяндалады», – деп түйіндеді.

Монографияда Қазақстанның БҰҰ, ШЫҰ сияқты халықаралық ұйымдар аясындағы белсенді бастамалары мен елдің өңірлік және жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлесі де кеңінен сараланған.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



2-бет

**Түркі әлемінің
жастары
бас қосты**



3-бет

**Кайрат МАМИ
Конституция – основа
поступательного
развития Нового
Казахстана**



5-бет

**Адам
құқығы –
мемлекеттің
басты
құндылығы**



Оңтүстік Корея

инвесторларымен кездесу



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев Оңтүстік Кореяның инвестициялық құрылымдары өкілдерімен кездесті.

Кездесуге EDCF қорының мүдделерін таныстыратын және елдер арасындағы өзара ынтымақтастықты үйлестіретін консалтингтік компанияның бас директоры Так Чонхо арнайы келді. Ректор ҚазҰУ-дың ғылыми жетістіктеріне тоқталып, университет базасында ғылыми-инновациялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мүмкіндіктерін атап өтті. Өз кезегінде Так Чонхо мырза EDCF қорының ағымдағы жүйесі мен стратегиясы туралы кеңінен ақпарат беріп, қордың 2025-2027 жылдарға арналған орта мерзімді мақсаттары жайлы әңгімеледі. Оның айтуынша, аталған

кезеңде қор арқылы дамушы елдерге 14,1 трлн вон көлемінде қаржыландыру бекітіліп, 2025 жылдың өзінде 4,6 трлн вон көлемінде жобалар мақұлданады. Келіссөз барысында ҚазҰУ жобаларын қолдау тетіктері, сондай-ақ университеттің ғылыми инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған бірлескен жобаларға қаржыландыру тарту жолдары қарастырылды. Мәртебелі мейман бұл үдеріс тек консультациялық кезеңмен шектелмейтін және мемлекетаралық деңгейде тиісті құжаттарға қол қойылғанға дейін толық сүйемелденетінін жеткізді. Болашақта EDCF аясында ҚазҰУ мен корейлік құрылымдар арасында стратегиялық әріптестік орнауы мүмкін. Сондай-ақ кездесуге Қазақстандағы EDCF қорының ресми өкілі Клавдия Пан, халықаралық бизнес-консалтинг саласындағы сарапшы Виталий Чирясов қатысты.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Журналистер академиясының академигі, белгілі журналист, қаламгер Аяған Өтенұлы Сандыбайды қабылдады.

Ардагер журналисті

мерейтойымен құттықтады



Кездесу барысында ректор Аяған Сандыбайды 75 жасқа толуымен құттықтап, қазақ журналистикасының дамуына және ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды насихаттауға қосқан елеулі үлесін атап өтті. «Сіздің жауапкершілік пен адалдық, кәсіби біліктілік пен өмірлік ұстанымыңыз әріптестеріңіз бен кейінгі буынға үлгі. Қазақ қоғамы ұлттық тарих пен мәдениетімізді насихаттаудағы өлшеусіз еңбегіңізді жоғары бағалайды. Отандық журналистикадағы жемісті қызметіңізбен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Журналистер Академиясының академигі атандыңыз. Университет өзіңіздей қайраткер түлегін мақтан тұтады», – деді ректор. Аяған Сандыбай еңбек жолын

ҚазТАГ ақпараттық агенттігінде бастап, ҚР Президенті Әкімшілігінің сектор меңгерушісі, ҚР Президентінің Баспасөз қызметінің басшысы, ҚР Баспа және бұқаралық ақпарат министрінің орынбасары, «Қазақстан» телерадио» корпорациясының бірінші вице-президенті, «Қазақ теледидарының» бас директоры, «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы» АҚ-тың жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры, «Қазмедиа Орталығы» ЖШС бас директорының орынбасары, «Астана ақшамы», «Мысль» басылымдарының бас редакторы қызметтерін атқарған. Бірнеше публицистикалық кітаптар мен тележобалардың авторы.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Түркі мемлекеттері ұйымының IV Халықаралық жастар фестивалі аясында Жас көшбасшылар мен кәсіпкерлер кездесуі өтті.

Форумға Түркі мемлекеттері ұйымының мүше елдері – Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, сондай-ақ байқаушы мемлекеттер – Венгрия мен Түрікменстаннан келген жастар делегациялары қатысты. Сонымен қатар, шарада мемлекеттік органдардың, халықаралық жастар ұйымдарының және кәсіпкерлік қауымдастықтардың өкілдері де бас қосты.



Түркі әлемінің жастары

бас қосты

Ашылу салтанатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, Алматы қаласына «2025 жылғы Түркі әлемінің жастар астанасы» мәртебесінің берілуі – түркі елдері жастары үшін үлкен серпіліс екенін атап өтті. «Бұл мәртебе – бауырлас халықтар арасындағы тарихи, мәдени және рухани байланыстың тағы бір дәлелі. Жас көшбасшылар мен кәсіпкерлерді университет қабырғасында қарсы алғанымызға



қуаныштымыз. Бұл алаң түркі әлемі жастары арасындағы ынтымақтастықты арттырып, жаңа идеялар мен бірлескен жобалардың бастамасына айналары сөзсіз», – деді университет басшысы. Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев өз сөзінде түркітідес елдер арасындағы байланыстарды тереңдетуде жас-

тардың ерекше орны бар екенін алға тартты. Оның айтуынша, заманауи сын-қатерлерге жауап беруде, жаңа технологияларды игеруде және мәдени мұраны сақтап, дамытуда жастар басты қозғаушы күшке айналып отыр. Кездесу барысында түрлі елдерден келген жас көшбасшылар мен сарапшылар өз салаларындағы тәжірибелерімен

бөлісіп, жобаларын таныстырды. Қазақстан студенттері Альянсының төрағасы Ұлан Наукен жастардың азаматтық белсенділігі мен отансүйгіштік рухын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Әзірбайжандық волонтер Эльман Хасанли кәсіпкерлік саласында жинақтаған жеке тәжірибесін ортаға салса, қырғызстандық жас кәсіпкер Эралы Токтамазов өз еліндегі бизнесті қолдау тетіктері туралы әңгімеледі. Түркия Республикасының Жастар және спорт министрлігінен келген Урхан Хакан Түркиядағы жастар саясатының үлгісін таныстырды. Ал «TechnoWomen» қоғамдық бірлестігінің басқарма мүшесі Әлия Оразымбет әйелдер кәсіпкерлігі мен цифрлық сауаттылықты арттыру бағытындағы бастамалар туралы баяндады. Басқосу соңында бейресми пікір алмасу алаңы ұйымдастырылып, қатысушылар өзара серіктестік мүмкіндіктерін талқылады. Сондай-ақ қатысушылар Farabi HUB – ғылыми-инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына экскурсия жасап, университеттің ғылыми-инновациялық әлеуетімен танысты.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

30 августа Республика Казахстан будет отмечать важную дату – 30-летие Конституции, принятой в 1995 году на всенародном референдуме. Основной Закон стал правовой опорой и концептуальной основой поступательного развития казахстанской государственности.

Подчеркивая значимость Конституции как основополагающего источника публичной власти, социального согласия и правовой стабильности, Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев отметил, что Конституция, вобрав в себя лучший мировой опыт и практику, а также исторические и национальные традиции, стала прочным фундаментом единства народа и независимости нашего государства.

Действительно, Конституция РК, являясь основополагающим нормативным актом, не просто фиксирует базовые параметры государственного строя, но и задаёт долгосрочную рамку развития, в которой правовая форма органично соединяется с социальным содержанием. Именно через Конституцию были кодифицированы фундаментальные ценности, которые и сегодня служат основой для развития правосознания и укрепления доверия к институтам государства: человек, его жизнь, здоровье, права и свободы, верховенство закона, свобода и равенство перед ним. Все последовательные этапы развития казахстанской Конституции иллюстрируют не просто адаптацию к меняющимся реалиям, но и отражают углубление демократических процессов, расширение механизмов участия граждан в управлении делами государства, укрепление институтов правового контроля. Эти изменения происходили не декларативно, а поступательно, с учетом исторических особенностей, внутренних вызовов и международных стандартов. Казахстанская модель конституционализма тем и отличается, что в ней объединены правовая преемственность и стремление к обновлению, устойчивость институтов и чуткость к общественному запросу.

Обращаясь сегодня к истории становления казахстанского конституционализма, нельзя не отметить важную роль Конституции 1993 года – первой конституции вновь созданного государства, выразившей волю народа к независимому развитию и создавшей правовые основы для утверждения суверенитета, став ответом на качественно новые политические и правовые реалии, в которых оказалась республика после распада СССР. Принятие собственного конституционного акта означало не просто отказ от прежней модели власти, закрепленной в Конституциях СССР 1977 года и Казахской ССР 1978 года, но и стремление выстроить принципы государственности, ориентированные на демократию, рыночную экономику и защиту прав человека.

Принятие Конституции 1995 года стало ответом на ключевые концептуальные и практические вызовы, с которыми столкнулось государство. Одной из задач было преодоление противоречия между формулой о государственности казахской нации и утверждением народа Казахстана как единственного источника власти. Конституция 1995 года нашла сбалансированный подход: подчеркивая историческую связь казахского народа с тер-

правовой эволюции страны. Вместе с тем, по мере изменений в социальной структуре общества, экономике и международной обстановке нормативная модель, установленная Основным Законом, стала требовать обновления с учетом новых реалий. Определенным катализатором для начала широкомасштабной модернизации выступили события начала 2022 года, обнажившие потребность в глубинных преобразованиях политической

гражданского общества. Глава государства предложил учредить Конституционный суд, а также наделить Генерального прокурора, Уполномоченного по правам человека правом обращаться в него, чтобы еще более усилить институционально систему сдержек и противовесов, защиту конституционных прав граждан». В ранее закрепленной в Конституции системе квазисудебного конституционного контроля, осуществлявшегося Конститу-

ситуации. И позднее, уже находясь на посту Президента, Касым-Жомарт Токаев также не раз использовал инструмент обращения в Конституционный Совет.

Одним из наиболее значимых примеров взаимодействия Главы государства с органом конституционного контроля на этапе проведения масштабных реформ стало обращение Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в Конституционный Совет в 2022 году в связи с проектом Закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан». Конституционный Совет, действуя в рамках пункта 2 статьи 91 Конституции, проверил законопроект на соответствие Основному закону и в заключении от 4 мая 2022 года признал его логическим продолжением курса трансформации, обозначенного в Послании «Новый Казахстан». Совет отметил, что проект направлен на формирование сбалансированной президентской республики с усиленной ролью Парламента и маслихатов, расширением демократического участия граждан и созданием Конституционного Суда как органа защиты конституционных прав с прямым доступом граждан.

Реформа органа конституционного контроля нацелена на совершенствование механизмов обеспечения и защиты прав и свобод граждан, способствуя укреплению демократического, правового и «слышащего» государства. Президент Венецианской комиссии Дж. Букиккио подчеркнул, что Конституция Казахстана соответствует международным стандартам и защищает права граждан, однако для сохранения актуальности она должна постоянно развиваться, отражая потребности современного общества и государства. То, что зарубежные эксперты, включая представителей самых авторитетных международных правовых институтов, часто подчеркивают как высокое качество самой Конституции 1995 года, так и потенциал предпринимаемых реформ, говорит о том, что избранный Казахстаном путь конституционного развития основан на прочной теоретико-правовой базе, опирается на международно признанные стандарты и при этом учитывает национальную специфику государственности. Концепция проводимых конституционных реформ исходит не из слома, а из разумной преемственности и стремления к совершенствованию.

Конституцию 1995 года можно признать выдающимся юридическим актом своего времени. Она не просто закрепила базовые начала государственности, но и задавала вектор устойчивого политико-правового развития на десятилетия вперед. Её положения по-прежнему сохраняют актуальность, демонстрируя высокую адаптивность к новым реалиям и вызовам. Именно поэтому любые изменения, вносимые в текст Основного Закона, рассматриваются не как отход от его духа, а как способ сделать его ещё более эффективным инструментом служения человеку, обществу и государству.

Кайрат МАМИ, д.ю.н., профессор,

Председатель Совета директоров КазНУ им. аль-Фараби

Конституция — основа поступательного развития Нового Казахстана

риторией государства, она закрепила гражданский, а не этнический характер суверенитета. Была устранена правовая неопределенность по двойному гражданству: теперь оно признавалось недопустимым, что укрепило суверенитет и национальную безопасность.

В Конституции 1995 года четко очерченную конструкцию приобрел институт Президента. В отличие от прежней редакции, где Президент совмещал статус главы государства и главы исполнительной власти, новая Конституция определила его как высшее должностное лицо, не относящееся ни к одной из ветвей власти, подчеркнув его роль как гаранта стабильности и преемственности государственной власти. Такая модель обеспечила баланс в системе сдержек и противовесов, позволив Президенту выступать координатором взаимодействия между различными институтами государственной власти, сохраняя общественную стабильность и межэтническое согласие.

Центральное место в конституционной модели заняли права и свободы человека и гражданина. Раздел II Конституции, включающий тридцать статей, закрепил широкий спектр прав, по своей структуре во многом соответствующий содержанию Всеобщей декларации прав человека, что отражает стремление Казахстана обеспечить соответствие внутреннего правового порядка международным стандартам. Права человека рассматриваются не как производные от государственной воли, а как изначально присущие каждому индивиду, что выражается в их неотчуждаемости и приоритетности.

Таким образом, положения Конституции РК 1995 года обеспечили баланс между национальной спецификой и универсальными принципами современного конституционализма, гарантируя преемственность, стабильность и поступательность политико-



системы и повышению уровня ответственности и участия граждан в управлении государством. Ответом на этот вызов стало стратегическое Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева от 16 марта 2022 года «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации», в котором была представлена всесторонняя программа реформ, охватывающая ключевые сферы общественной жизни. Основные направления политико-правового обновления получили дальнейшее развитие в проекте Закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», вынесенном по инициативе Президента на республиканский референдум 5 июня 2022 года. Этот шаг стал значимым проявлением новой политической культуры, основанной на прямом народном участии в принятии решений высшего уровня. Характеризуя важность происходящего, Глава государства использовал термин «плебисцит» как указание на исключительную значимость предложенных изменений. В контексте конституционного права плебисцит отражает особую форму всенародного волеизъявления по вопросам, определяющим судьбу государства.

Изменения, охватившие более 30 статей Конституции, коснулись фундаментальных конституционных ценностей, включая вопросы распределения власти, правового положения граждан и институтов

конституционным Советом, граждане Казахстана не имели права напрямую обращаться в него с жалобами о проверке конституционности законов и иных нормативных правовых актов, затрагивающих их конституционные права. Такое положение дел не соответствует принципам правового, «слышащего» государства. В этом аспекте реформирование института конституционного контроля, наделение граждан правом обращаться в Конституционный Суд за защитой своих конституционных прав стало одним из самых ярких индикаторов проводимых в стране демократических преобразований.

Это не умаляет большой роли ранее действовавшего Конституционного Совета, обеспечивавшего конституционную легитимность принимаемых нормативных правовых актов и решений государственных органов. Значение этого органа многократно подтверждалось на практике. Так, действующий Президент Казахстана К.-Ж.Токаев, ещё занимая пост Председателя Сената, дважды обращался в Конституционный Совет. В частности, в феврале 2015 года он инициировал официальное толкование положений Конституции в связи с вопросом о назначении внеочередных выборов Президента Республики Казахстан. Это обращение стало важным примером надлежащего использования механизмов конституционного контроля в политически чувствительной

Конституциямыздың 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында шағын тарихи шолу жасап өтсек. 1995 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы қабылданды. Бұл акт еліміздің тәуелсіз дамуына құқықтық ресімдеуді аяқтады. Қазіргі уақытта 30 тамыз – мемлекеттік мереке.

Орнықты даму жүйесінің негізі



Айта кетейік, еліміз 1991 жылғы 16 желтоқсанда өзінің Тәуелсіздігін ресми түрде жариялады. Жарты сағаттан кейін Жоғарғы Кеңестің атына Түркия Президенті Түрғұт Өзалдан құттықтау жеделхаты келіп түсті. Екі айдан кейін, яғни 1992 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасы егемен мемлекет ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше болып танылды. Осылайша, Қазақстан осы беделді халықаралық ұйымның толыққанды мүшесі болды.

Сонымен қатар 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Қазақ КСР Мемлекеттік Егемендігі туралы» Декларация Қазақстан тәуелсіздігінің негізін қалаған алғашқы құқықтық құжат болып табылады. 1991 жылғы 16 желтоқсандағы декларацияны қабылдау күні жалғыз ұлттық мереке болып жарияланғанын атап өткеніміз жөн.

Декларация мен «ҚР Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды дайындауға ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымының докторы, профессор Сұлтан Сартаев та белсенді қатысты. Сұлтан Сартайұлы көпшілік алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан орталықтың шикізат қосымшасы болмауы тиіс екенін атап өтті. Қазақстан шынайы экономикалық және саяси дербестікке ие болуға тиіс екенін айтты.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның қабылдануымен біздің еліміз тәуелсіз мемлекетке тән барлық белгілерге ие болды. Бұл – біртұтас азаматтық, аумақтық оқшаулану, мемлекеттік органдардың дербес жүйесі, тәуелсіз экономикалық жүйе, өз Қарулы Күштерінің болуы. Осы ретте Республиканың ажырамас құқығын құрайтын мәселелерді шешуге тараптан кез келген араласу оның мемлекеттік тәуелсіздігіне қол сұғушылық ретінде бағалана бастады.

Конституциялық заңда адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, халық билігі, мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлу қағидаттары

дамыды. Заң іс жүзінде уақытша Конституцияның рөлін атқарды және демократиялық қайта құрулардың құқықтық базасына айналды. Сондықтан 16 желтоқсан күні мемлекеттік мереке болып жарияланды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын Жоғарғы Кеңес 1993 жылы 28 қаңтарда қабылдады. Оның негізін парламенттік республиканың моделі құрады. Бір жағынан, Конституция нарықтық экономика мен демократиялық мемлекетті қалыптастырудың заңды негіздерін құрды. Екінші жағынан, биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының өкілеттіктері туралы мәселе шешілмеді, мемлекеттік тіл, жерге жеке меншік және азаматтық мәселелері шешілмеді. Аталмыш мән-жайлар Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануына себеп болды. Конституция 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылданғанын ерекше атап өтсек болады.

Конституцияда өзгерістерге ұшырамайтын нормалар бар екеніне назар аударайық. Бұл биліктің жалғыз көзі – халық, мемлекетіміздің бейбіт табиғаты туралы ереже, ұлтаралық келісім мен конфессияаралық қатынастар туралы ереже, адам құқықтарының басымдығына қатысты нормалар. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің негіз қалаушы қағидаттары, Республика Президентінің жеті жыл мерзімге сайланатыны және бір адамды Республика Президенті бір реттен артық сайлай алмайтыны туралы ережелер өзгермейді (91-баптың 2-тармағы).

Конституция – Қазақстанның орнықты даму жүйесін құру және адам мен азаматтың құқықтарын қорғау үшін басты негіз.

Уәлихан АХАТОВ,
з.ғ.к., профессор,
заң факультетінің деканы

Конституциялық жүйе ЖӘНЕ ОНЫҢ ерекшеліктері

Биыл Конституция күнін атап өту ерекше маңызға ие десек болады. Отыз жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда Негізгі Заң қабылданды. Конституцияның негізгі идеяларын Қазақстан халқы қабылдап, мемлекеттің саяси, құқықтық және экономикалық жүйесін дамыту үшін негіз болды. Бүгін біз Конституциялық құрылысқа қатысты идеяларды ерекше атап өткіміз келеді.



Қазіргі уақытта ҚР Конституциясы 9 бөлімнен және 99 баптан тұрады.

Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысаны бар біртұтас мемлекет. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісілген жұмыс істеуін және билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Осылайша, мемлекет басшысының билікті бөлу жүйесіндегі ерекше орны белгіленді. Яғни, бұл Президенттің биліктің барлық тармақтарының басында тұрғанын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

Заң шығару қызметін Парламент орындайды. Парламент екі палатадан – Сенат пен Мәжілістен тұрады. Сенатты әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан сайланатын депутаттар құрайды. Сенаттың он депутатын Республика Президенті тағайындайды, оның бесеуі – Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша. Мәжіліс бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.

Үкімет атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады

және олардың қызметіне басшылық жасайды.

Қазақстандағы сот билігін Қазақстан Республикасының атынан соттар жүзеге асырады. Сот жүйесіне Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың заңмен құрылған жергілікті және басқа соттары кіреді. Қандай да бір атаумен арнайы және төтенше соттар құруға тыйым салынады.

Конституция қатып қалған акт емес: уақыт өзгереді және бұл өзгерістер конституциялық нормаларда көрініс табады. Қолданыстағы Конституцияға 1998, 2007, 2011, 2017, 2019, 2022 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соңғы өзгеріс 2022 жылы референдум арқылы енгізілді. Осылайша конституциялық деңгейде прокуратура мен адам құқықтары жөніндегі уәкіл мәртебесі бекітілді. ҚР Конституциясының 83-1-бабы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін айқындады. Осылайша, бұл орган адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге жәрдемдесу мақсатында құрылған.

Конституциялық Кеңестің орнына Конституциялық Сот құрылды. Конституциялық Соттың Конституциялық Кеңестен басты айырмашылығы – азаматтардың конституциялық сотқа тікелей қол жеткізуі. Конституциялық Соттың мақсаты – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету. Бұл орган Қазақстан Республикасындағы барлық заңдар

мен заңға тәуелді актілердің конституциялылығына бақылауды жүзеге асырады. Ол сот жүйесіне кірмейді, конституциялық бақылаудың арнайы институты болып табылады. Конституциялық Сот өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және азаматтардан, ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасының Конституциясын және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңды басшылыққа алады.

Соттардың немесе басқа да мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін барлық жағдайларда өзге де мәселелерді анықтаудан, зерттеуден және тексеруден бас тартады және қалыс қалады.

Конституцияның үстемдік принципіне жүгінейік. Бұл қағида мемлекет пен барлық мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар, азаматтар және Қазақстан аумағындағы барлық адамдар Негізгі Заңның талаптарын орындауға, Конституцияның ережелеріне бағынуға тиіс екенін білдіреді. Конституцияның үстемдігі қағидатына аумақтық тұтастық, құрылымның біртұтас нысаны, Қазақстандағы президенттік басқару нысаны негізделгенін атап өтеміз.

Осылайша, еліміздің тұрақты дамуына қатысты конституциялық идеялар болашақ ұрпақ үшін берік негіз болып табылады.

Алуа ИБРАЕВА,
заң ғылымдарының докторы, профессор

Адам құқығы — мемлекеттің басты құндылығы

Қазіргі уақытта әлемде түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Бұл негізінен өркениетке, әр мемлекет пен әр адамға жаңа сын-қатерлер мен жаңа қауіптердің туындауына орай қалыптасқан жағдай. Осы ретте адам құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау, қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесін және тұтастай алғанда мемлекет жүйесін қорғау мәселелері алдыңғы шепке шығады. Конституция Қазақстанның орнықты даму жүйесін құруға және азаматтың құқықтарын қорғауға негіз болып саналады.

Әр адам ҚР Конституциясы мен заңнамасын сақтауға міндетті, сондай-ақ басқалардың құқығын құрметтеуге және бұзбауға тиіс. Бұл қағида «Өркім Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті» деп 34-бапта бекітілген.

ҚР Конституциясы бойынша жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне оның қызметінің әртүрлі тараптарын қамтитын құқықтардың барлық алуан түрлілігі енгізіледі. Бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтық құқықтардың кең тізбесі бекітіледі. Адам құқықтары иерархиясындағы бұл құқықтар негізгі болып табылады, өйткені олар жеке тұлғаның автономиясын қамтамасыз етеді. Нақты айтқанда, адамның жеке мүддесін қорғайды, оның бостандығын қамтамасыз етуге, қандай да бір сыртқы араласудан заңды қорғалуына кепіл.

Азаматтық құқықтардың ішінде ең маңыздысы – барлық басқа құқықтардың негізі болып табылатын өмір сүру құқығы. Ол ҚР Конституциясының 15-бабында бекітілген. Азаматтық құқықтарға жеке бас бостандығы және қол сұғылмаушылық құқығы сияқты құқықтар жатады (16-бап). Жеке бостандық – бұл адамның табиғатына байланысты туындайтын адамның ажырамас және абсолютті құқығы. Жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға, Ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғауға арналған құқықтар (ҚР Конституциясының 18-бабы), тұрғын үйге қол сұғылмаушылықпен (ҚР Конституциясының 25-бабы) бірдей маңызды.

Жеке өмір – бұл мемлекет тарапынан бақылауға алынбауға тиіс адам өмірінің маңызды бөлігі. Осылайша, азаматтық құқықтарға адамның жеке қауіпсіздігі мен қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ететін құқықтардың барлық кешені жатады. Алайда, азаматтық құқықтардың мәнін түсінудің кілті – адам құқықтарын нақты ету үшін арнайы рәсімдерді жүзеге асыру тәсілі. Осыған байланысты ҚР Конституциясында адамның табиғи бөлінбейтін құқықтарының конституциялық кепілдіктері көзделеді.

Енді адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны туралы конституциялық норманың маңыздылығын атап өтейік. Ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгездікке немесе адамның қадір-қасиетін қорлауға немесе жазалауға болмайды. Бұл құқық өте маңызды, өйткені адам заңды бұзған болса да, ол заңнан тыс қалмауы керек. Адам құқықтарының барлық шектеулері заңмен белгіленуі керек.

ҚР Конституциясының 13-бабында адамның құқық субъектісін тануға



және өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдер арқылы білікті заң көмегін алуға құқығы жарияланады.

Бұл конституциялық нормада адам құқықтарын қорғаудың бір жолы – өзін-өзі қорғау бекітілген. Қазіргі уақытта бұл адамның ажырамас құқығы. ҚР Конституциясында демократиялық мемлекетте азаматтардың өз құқығын қорғаудың негізгі тәсілдерінің бірі адамның құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғау құқығы сияқты маңызды құқығы бекітіледі.

Адамның заң мен сот алдындағы теңдігі туралы конституциялық норманың маңызы зор. Бұл дегеніміз қандай да бір айырмашылықтарға қарамастан (азаматтығы, ұлты, жынысы, тұрғылықты жері, материалдық жағдайы және т.б.) барлық адамдар бірдей құқық қабілеттілігіне, тиісті игіліктер мен міндеттерге белгілі бір құқықтарды сатып алу мүмкіндігіне ие. Бұл заң мен соттың демократиялық мәнін білдіреді.

Конституцияда азаматтық құқықтардың кең тізімі қамтылады. Азаматтық құқықтар адам құқығы мен бостандығының тұтас жүйесінде ерекше орын алады.

Адам құқығы заңмен шектелуі мүмкін. Бұл ереже Конституцияның 39-бабында тікелей бекітілген. Сонымен, мұнда адам құқығын шектеуге болатын төрт мақсат көрсетілген. Бұл конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында қолданылады.

Қарлығаш ҮСЕЙНОВА,
з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі

Конституция – бұл жай ғана заңдар жинағы емес, ол – ел өмірінің өзегін құрайтын, қоғамның әрбір саласындағы қарым-қатынасты тәртіпке келтіретін, мемлекет пен азаматтың арақатынасын айқындайтын ең биік құқықтық мұрат. Ол халқымыздың бірлігі мен тұтастығының кепілі, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың берік негізі. Ол еліміздің тағдырын айқындап, бейбітшілік пен тұрақтылықты баянды етті. Дәл осы заң аясында Қазақстан өз егемендігін нығайтып, халықаралық аренада беделді мемлекетке айналды.

Ата заң — мемлекет дамуының тірегі

Ата Заң барша этностар мен дін өкілдеріне тең құқықтар беріп, бір-біріне құрметпен қарайтын толерантты әрі жарасымды қоғам құруға жол ашты. Бүгінгі қазақстандықтардың татулық пен түсіністікке негізделген өмір салты – осы конституциялық құндылықтардың жарқын көрінісі. Сонымен бірге, Конституция қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нақтылап, ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлт руханияты мен мәдениетінің дамуына берік тұғыр қалады.

Мемлекеттік биліктің үш тармағы – заң шығару, атқару және сот жүйесі – барша қызметін Конституция негізінде жүзеге асырады. Бұл қағидат еліміздегі билік құрылымдарының өзара теңгерімін сақтап, демократиялық институттардың дамуына кең өріс ашты. Соңғы жылдары жүргізілген саяси реформалар мен конституциялық өзгерістер билік тармақтары арасындағы жауапкершілік пен өкілеттілікті айқын бөліп, азаматтардың мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне белсенді араласуына жол ашты. Сайлау жүйесінің жаңғыруы, партиялық тіркеу талаптарының жеңілдетілуі, жергілікті өзін-өзі басқару тетіктерінің күшеюі – осының айқын дәлелі. Қоғамдық кеңестер мен азаматтық бастамалар институты жаңа серпін алып, халық пен билік арасындағы ашық диалогтың нығаюына мүмкіндік берді. Конституция – тек заңдық база ғана емес, ол ел дамуының стратегиялық бағытын айқындайтын рухани бағдарға айналды. Оның нормалары экономикалық реформалардың бастауына серпін беріп, еркін кәсіпкерлік пен әділ бәсекенің дамуына жол ашты. Бүгінде шетелдік инвесторлар үшін Қазақстанның тұрақты құқықтық ортасы мен заң үстемдігі – сенімді кепіл болып отыр.

Нарықтық қатынастардың орнығуы, шағын және орта бизнесті қолдау тетіктерінің кеңеюі, «жасыл» экономика мен шығармашылық индустрияларға басымдық беру – бәрі де Ата Заң айқындаған еркіндік пен жауапкершілік теңгерімінің нәтижесі. Сөйтіп, Конституция мемлекет пен қоғамға тек құқықтық бағдар ғана емес, ұзақ мерзімді өркендеу мен әділеттіліктің, тұрақтылық пен жаңғырудың стратегиялық картасын ұсынып келеді.

Сонымен қатар Ата заң еліміздің әлеуметтік дамуының өзегін айқындайтын басты құжат. Онда бекітілген нормалар білім беру, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет салаларында сапалы қызметке тең және әділ қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Әрбір азаматтың, әсіресе жас ұрпақтың, білім алып, жан-жақты дамуына, қабілетін ашып, қоғамға пайдалы тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік беру – Ата Заңымыздың басты адамгершілік қағидаттарының бірі. Білім беру саласындағы жаңғыртулар, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясындағы онлайн оқыту жүйелерінің кеңеюі, ауылдық елді мекендерге интернет пен IT сыныптарының жетуі – осы конституциялық нормалардың іс жүзіндегі кө-

рінісі. Сол сияқты медициналық қызметтің қолжетімді болуын көздейтін «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі де – Конституция негізінде жүзеге асып жатқан бастамалар.

Мәдениет пен ғылымды дамыту бағытында да Конституцияда айқындалған мақсаттар нақты іс-шаралармен бекіп келеді. Мысалы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы төл мәдениетімізді, тілімізді, дәстүрімізді сақтау мен жаңғырту жолында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Жас ғалымдарды қолдауға бағытталған «Жас ғалым» гранттары мен ғылыми-инновациялық жобаларды қаржыландыру жүйесі де елдің интеллектуалдық әлеуетін күшейтуге қызмет етуде.

Бүгінде Қазақстан жаңа тарихи дәуірдің белесінде тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған саяси жаңғырулар – Конституцияны заманауи қоғам талаптарына бейімдеу жолындағы маңызды қадамдар. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы саяси жүйенің ашықтығын, тиімділігін және халық алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Конституциялық реформа аясында жергілікті өзін-өзі басқару институттары дамып, әкімдер сайлауы енгізілді, азаматтардың саяси белсенділігі артып, қоғамдық бақылау мен жауапкершілік механизмі күшейе түсті. Осылайша Ата заң қоғамның серпінді дамуына бейімделіп отыратын, ел тағдырымен үндес тірі механизм екенін айқын дәлелдеп келеді. Ол уақыт талабына сай түрленіп, демократиялық құндылықтарды тереңдете отырып, мемлекеттің мызғымас тірегіне айналды. Бүгінгі Қазақстан – өз азаматтарының құқығы қорғалған, пікірі ескерілген, болашағы айқын құқықтық мемлекет. Мұның бәрі – Ата Заңымыздың өміршеңдігін және оның шынайы ұлттық игілікке айналғанын көрсетеді.

Сөйтіп, өткен отыз жыл ішінде ҚР Конституциясы қоғамның барлық саласында тұрақтылық пен өркендеудің берік тұғырына айналды. Ол – халықтың бірлігін, мемлекетіміздің тұтастығын, азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ететін ең басты құндылық. Ата Заңды құрметтеу – әрбір қазақстандықтың борышы ғана емес, болашаққа деген сенім мен жауапкершіліктің көрінісі. Оны ардақтап, қадірлеу – мемлекетіміздің кемел келешегі мен өскелең ұрпақтың жарқын өміріне жол ашатын қасиетті борыш.

Ақылбек ИСАБЕКОВ,
доцент, з.ғ.к., Ұлттық заң академиясының академигі

Еркеназ БАЗАРТАЕВА,

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының оқытушысы

Конституция Республики Казахстан 1995 года отмечает в этом году свой тридцатилетний юбилей. Она стала не просто Основным Законом, а воплощением стремлений государства, желающего стать по-настоящему суверенным и прогрессивным. Принятая на всенародном референдуме, Конституция задавала формат того, что сегодня мы называем казахстанским конституционализмом — не как формальное подражание западным образцам, а как органичное явление, выросшее из исторического опыта, национальных традиций и стремления к обновлению.

Роль Конституции в формировании идей



На момент принятия Конституции Казахстан еще не обладал устойчивыми демократическими институтами, поскольку политическая система была в стадии становления, а экономика, впервые поставленная на рыночные рельсы, — в состоянии поиска. Но именно в этот сложный момент было принято политически смелое решение: создать такую Конституцию, которая будет надежной основой для построения реального правового государства. Это требовало зрелости — как от законодателя, так и от всего общества. И именно в этом проявилась первая заслуга Основного закона: он не стал документом-проекцией чьих-то интересов или временных приоритетов. Он стал актом, взявшим на себя ответственность перед будущим страны.

Конституция 1995 года четко обозначила человека и его права в качестве главной ценности государства. В этой логике и были выстроены ключевые институты: сильное президентство — как гарантия стабильности в переходный период, двухпалатный парламент — как начало подлинного представительства, независимая судебная власть — как фундамент правовой справедливости. При этом Конституция не замкнулась на политической архитектуре. Она провозгласила приоритет международного права в области прав человека, что стало важным сигналом миру: Казахстан хочет и будет частью глобального правового пространства.

За годы, прошедшие с момента её принятия, Конституция прошла через несколько этапов обновлений, но ни одна из поправок не исказила её духа. Более того, сами эти изменения стали свидетельством того, что общество взрослеет, что

появляется запрос на больший баланс властей, на усиление парламентаризма, на эффективные механизмы подотчётности. Конституция позволила нам меняться без революционных потрясений, оставаться в правовом поле при любых кризисах. Она выдержала испытание временем и политическими реформами. И самое главное — не потеряла своего главного смысла: быть живым, действенным договором между государством и обществом.

Но, возможно, самая тонкая и важная её роль — это формирование правосознания. Ведь конституционализм — это не только государственные институты и их взаимодействие, это ещё и то, как люди воспринимают закон, насколько они доверяют ему. Конституция помогла закрепить уважение к идее права, научила нас говорить о гражданстве как об ответственности, а не только о наборе прав. Через школу, через медиа, через университеты, через судебные процессы и выборы — она постепенно вошла в повседневность. И именно в этом, возможно, и есть её глубинный вклад: она изменила наше мышление. Мы стали иначе относиться к своей свободе, к частной собственности, к участию в жизни государства. Люди стали понимать, что право — это не что-то абстрактное, а то, что защищает каждого, его достоинство, семью, дом.

Конституционализм — это, прежде всего, правовая культура, выражающаяся в признании верховенства Конституции, неотъемлемых прав и свобод личности, разделения властей, подотчётности власти и правовых гарантий. Он существует не только как совокупность норм, институтов и механизмов, но и как особый способ мышления о государстве, о

его границах, ответственности и предназначении. Это не просто модель устройства власти, а форма правового мышления, в которой достоинство человека, законность и свобода становятся основами общественного договора.

Конечно, конституционализм не может быть завершённым проектом. Это путь, в котором новые поколения будут по-своему перечитывать Основной закон, искать в нём ответы на новые вызовы. И от того, насколько мы сумеем сохранить его дух, не дать девальвировать его смысл, будет зависеть зрелость нашего государства. В этом смысле Конституция — это не памятник, а разговор. Разговор между властью и народом, между прошлым и будущим, между мечтой и реальностью.

Юбилей Конституции, несомненно, не только повод для гордости, но и момент для осмысления политико-правового значения, проблем и перспектив дальнейшего правоприменения. Мы можем с уверенностью сказать, что Конституция 1995 года сыграла ключевую роль в становлении казахстанского конституционализма. Но еще важнее признать, что ее главная миссия — задавать четкие правовые ориентиры — остается актуальной и сегодня. В мире, где стабильность становится особенно ценным благом, именно Конституция напоминает нам, кто мы есть, во что верим и каким хотим видеть наше будущее.

Дина БАЙМАХАНОВА,
д.ю.н., доцент

Жанар КЕГЕМБАЕВА,
д.ю.н., профессор
кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права

Реализация аксиологического потенциала Конституции

В преддверии 30-летнего юбилея Конституции РК хочется заявить, что Основной Закон нашей страны объединяет в себе и возводит на высший нормативно-правовой уровень основные направления и результаты демократического развития общества и государства в их ценностном проявлении, определяет механизмы нормативной интеграции получающих высшее правовое признание демократических ценностей в политическую, экономическую, социально-культурную жизнь общества, его социальных групп, территориальных общностей и отдельных граждан.

Конституционная аксиология тесно связана с содержанием, сущностью и толкованием конституции. Как сама конституционная аксиология является одной из характеристик содержания конституционного права и самой конституции, так и ее предмет можно сопоставить с предметом конституционного права.

К кардинальным ценностям можно по праву отнести:

- а) жизнь и здоровье человека, свобода мысли, принятия и выполнения им решений относительно собственной жизни;
- б) личное достоинство;
- в) возможность иметь семью и продолжать род, воспитывать детей по собственному усмотрению;
- г) доступность культуры общества, означающая, с одной стороны, достижение некоторого минимального уровня развития познавательных способностей субъекта, с другой — открытость источников культурной информации;
- д) право добывать своим трудом жизненные блага для трудоспособных и минимальное жизнеобеспечение для нетрудоспособных и безработных.

Но на основе состава вышеобозначенных кардинальных ценностей важны и субкардинальные ценности. Так, для сохранения жизни каждого человека необходима безопасность (военная, от преступности, стихийных бедствий); для здоровья — минимальное жизнеобеспечение и экологические условия; для свободы и достоинства — социальные (моральные и правовые) гарантии и нормы окружения, защищающие от публичного унижения и неправового физического насилия, защита комплекса гражданских свобод (свободы совести, слова, собраний и ассоциаций и т. д.); для права иметь семью — запрет на вмешательство в семейное воспитание; для доступа к культуре общества — запрет на утаивание или систематическое искажение информации.

Таким образом, предметом конституционной аксиологии можно считать, как рассмотрение вопросов политической, экономической и культурной жизни в целом, что позволило документально оформить основные права и свободы и заложить основу института защиты нарушенных прав, так и само понимание (толкование) конституции, включая историю

ее развития и самого конституционализма, а также правовое воспитание и, наконец, правовую культуру казахстанского общества.

Социальная направленность деятельности казахстанского государства отчетливо выражена в его конституционной обязанности, обеспечивать реализацию основных прав человека: право на свободный труд, право на социальное обеспечение по возрасту, в случае болезни, инвалидности, в других установленных законом случаях, право на жилище, право на охрану здоровья, право на благоприятную окружающую среду, право на образование.

Социальная ценность Основного Закона РК определяется тем, что он является главным нормативным правовым средством государственной организации общества, основным инструментом упорядочения взаимоотношений человека с обществом и государством. Само возникновение конституции в историческом плане во многом было связано с необходимостью провозглашения и закрепления на высшем правовом уровне неких демократических ценностей, главными среди которых виделись идеи народовластия (народного суверенитета), свободы личности, равенства всех граждан перед законом, непосредственного и представительного участия населения в осуществлении государственной власти.

Основу реальной социальной регуляции должны составлять в этом случае традиционные ценности, глубоко укоренившиеся в сознании народа и составляющие основу его самосознания, представленные в казахстанской социокультурной среде идеями справедливости, равенства, государственности, приоритета общих интересов, коллективизма, общности и т. д. Благодаря именно такой основе общество способно, в том числе в переходный период, развиваться относительно стабильно, минимизируя отрицательные последствия от осуществляемых преобразований.

Нажия КАЛИШЕВА,
к.ю.н., доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права

2025-2026 оқу жылында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне мемлекеттік білім беру гранты негізінде 1000-нан астам магистрант қабылданды.

1000-нан астам магистрант қабылданды



лымдардан бастап, инженерия, IT және жаратылыстану бағыт-

тарына дейінгі түрлі мамандықтарды таңдады.

Бұл – ҚазҰУ-дың еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі екенін және оның білім беру бағдарламаларына деген сенімнің жоғары екенін көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау 12-18 тамыз аралығында өтті. Талапкерлер өтініштерін виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы онлайн немесе дәстүрлі түрде тапсыра алды.

Грант иегерлері – еліміздің барлық өңірлерінен келген магистранттар. Олар гуманитарлық және педагогикалық ғы-

2025-2026 оқу жылында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті тарапынан 638 білім гранты бөлінді. Оның ішінде 88-і мақсатты гранттар, ал ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қосымша 4 грант бөлді.

2025 жылғы 3 шілде мен 3 тамыз аралығында университеттің қабылдау комиссиясына докторантураға түсу үшін 822 өтініш қабылданды. Бұл көрсеткіш еліміздің барлық өңірлерінен келген талапкерлердің ғылыми әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейді.

Конкурстық материалдар мен емтихан нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес қарасты-

514 үміткер докторантураға түсті



рылды. Нәтижесінде 514 үміткер докторантураға оқуға ұсынылды.

Осылайша, 514 талапкер білім гранты иегері атанды, оның ішінде 64-і мақсатты грант иегері. Олар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін аса маңызды салаларда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге даярланады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бүгінде еліміздегі ғылым мен жоғары білімнің көшбасшысы болып табылады. Университет докторанттарға заманауи зертханаларда жұмыс істеуге, халықаралық әріптестік аясында жетекші ғалымдармен бірлескен зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндік ұсынады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми жетістіктерді ынталандыру мақсатында оқу орнының ғалымдарына Scopus халықаралық деректер базасында жарияланған мақалалары үшін жалпы көлемі 145 миллион теңге сыйақы тағайындалды.

Ғылыми жарияланымдарға сыйақы тағайындау жүйесі ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру, ғалымдарды беделді халықаралық журналдарда белсенді жариялануға ынталандыру мақсатында жыл сайын жүзеге асырылып келеді.

Scopus – әлемдегі ең беделді халықаралық дерекқорлардың бірі. Онда жариялану ғалым еңбегінің жоғары сапасын, жаңашылдығын, оның халықаралық деңгейде мойындалуын көрсетеді. Университет тарапынан көрсетіліп отырған


Scopus мақалалары үшін қомақты сыйақы алды

үлкен қолдау университеттің әлемдік рейтингтердегі орнын нығайтуға және ғылыми беделін арттыруға, сонымен қатар ғылыми ортадағы әділ бәсекелестікті қалыптастырып, зерттеу сапасын жаңа деңгейге көтеруге елеулі үлес қосары сөзсіз.

Сыйақы иегерлері қатарында жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік және гуманитарлық ғылым салаларының өкілдері бар. Биылғы жылы университет ғалымдарының халықаралық жарияланым белсенділігі айтарлықтай артып отыр. Бірқатар зерттеулер шетелдік жетекші университеттермен және ғылыми орталықтармен бірлесіп орындалған. Бұл еңбектер қазіргі таңдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.



2024 жылы ҚазҰУ ғалымдары 1591 мақала жариялады. Оның ішінде 1276-сы – шолу және зерттеу мақалалары, ал шамамен 400-ге жуық мақала 1-2 квартильдегі және проценти-лі 50-ден асатын жоғары рейтингті журналдарда жарық



Жаңа инновациялық бакалавриат

бағдарламасы іске қосылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Innoforce холдингі бірлесіп «Бағдарламалық инженерия» бағыты бойынша жаңа инновациялық бакалавриат бағдарламасын іске қосады.

Бағдарлама тек теориялық білім берумен шектелмей, сонымен қатар практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, бұл түлектерге еңбек нарығында жоғары бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Үш жылдық оқу құрылымы академиялық дайындық пен практикалық жобаларды ұштастырады:

Бірінші жыл – бағдарлама-лау, алгоритмдер, деректер базасы және жүйелік талдау бойынша берік академиялық негіз қаланады.

Екінші жыл – нақты жоба-

ларға қатысу және индустриялық серіктестермен жұмыс істеу арқылы тәжірибелік дайындыққа басымдық беріледі. Үшінші жыл – студенттер мамандық бағытын таңдап, практикалық кейстер негізінде бітіру жобасын орындайды.

Студенттер кәсіби дамудың үш траекториясының бірін таңдай алады:

Геоинформатика – бағдарламалық инженерия әдістерін кеңістіктік деректер мен геоаналитика саласында қолдану;

Қаржылық аналитика – қаржы-экономикалық саладағы цифрлық шешімдерді әзірлеу және енгізу;

Бағдарламалық жасақтама әзірлеу – заманауи IT-өнімдер мен сервистерді жасау және қолдау.

Бағдарлама бағдарламалық инженерлерді даярлаудың халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған және цифрлық экономика мен жаһандық бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге дайын мамандарды қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі уақытта университетте 26 ғылыми журнал шығарылады. Оның бесеуі Scopus базасына, ал алтауы Web of Science базасында индекстелді. ҚазҰУ ғылыми журналдарының деңгейі жыл сайын өсіп келеді.

Алдағы уақытта Scopus дерекқорындағы жарияланым сапасын арттыру мақсатында арнайы тренингтер мен ғылыми семинарларды жалғастыру жоспарлануда. Ғалымдарға мақалаларын жоғары рейтингті журналдарға жолдау үшін әдістемелік және редакциялық қолдау көрсетілуде. Сонымен қатар, жас зерттеушілердің ғылыми белсенділігін қолдау үшін гранттар мен стипендиялар бағдарламасы жүзеге асырылуда. ҚазҰУ алдағы уақытта жарияланымдар санын және дәйексөз көрсеткіштерін ұлғайтуды көздеп отыр.

Scopus-та жарияланған әр мақала – университет ғалымдарының кәсіби біліктілігі мен қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Филиал ұжымымен жүздесу

Қазақстан мен Қырғызстан жоғары білім министрлері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Бішкек қаласындағы филиалына ресми сапары аясында оқытушы-профессорлар құрамы және студенттермен жүздесті.

Шараға Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Марғұлан Ибрайымов, Қырғыз Республикасының Жоғары білім және инновациялар министрі Бақтияр Орозов және министр орынбасары Нұрлан Омуров, ҚазҰУ филиалының директоры Жамин Шейшенов қатысты.

Қатысушылар өзара пікір алмасуға белсенді атсалысып, көкейдегі сұрақтарына жауап алды. Студенттер оқуды тамамдаған соң жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен қосымша білім жетілдіру жолдарына қызығушылық танытты.

Басқосуда оқу процесін жаңғырту және білім беру бағдарламаларына жаңа технологияларды енгізу мәселелері талқыланды. Оқытушылар пәнаралық жобалар мен ғылыми зерттеулер құру бойынша өз идеяларымен бөлісті.

Шара соңында министрлер филиалдың құрмет кітабына жылы лебіздерін қалдырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.